

Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтен босату тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі. 1999 жылғы 3 қараша N 87. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.03.29. N 828 жарлығымен.

Мемлекеттің кадр саясатын жүзеге асыру тетігін жетілдіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтен босату туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтен босату тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 3874 өкімінің (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 9, 57-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің 1999 жылғы

3 қарашадағы N 87 өкіміне

қосымша

**Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының басшы лауазымды адамдарын қызметке келісу, қызметке тағайындау мен қызметтен босату тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

Орталық мемлекеттік органдардың басшы лауазымды адамдары мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бойынша

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен тағайындалатын орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшы лауазымды адамдарын тағайындау немесе босату туралы ұсыныстарды Республика Премьер-Министрі (Үкімет мүшелері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бойынша), Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы (Республика

Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшылары бойынша) ұсынылып отырған тағайындаудың немесе босатудың себептері мен дәлелдерін көрсете отырып, Мемлекет басшысының қарауына жазбаша енгізеді.

2. Республика Президентінің өкімдерімен, сондай-ақ Республика Президентінің немесе оның уәкілеттік беруімен Президент Әкімшілігі Басшысының келісімі бойынша жүргізілетін орталық мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын тағайындау немесе босату туралы ұсыныстарды тиісті орталық органның басшысы Әкімшілікке жазбаша түрде енгізеді және Әкімшіліктің Кадр жұмысы бөліміне жібереді.

Бұл ретте Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың және ведомстволардың басшыларын қызметке тағайындау немесе қызметтен босату туралы ұсыныстарды Премьер-Министр ұсынылып отырған тағайындаудың немесе босатудың себептері мен дәлелдерін көрсете отырып, Республика Президентінің қарауына енгізеді.

Әкімшіліктің Кадр жұмысы бөлімі қажетті құжаттарды дайындайды, Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінде кандидатураны зерделеуді, келісуді немесе кандидатпен әңгімелесуді ұйымдастырады және материалдарды қызметке тағайындау немесе қызметтен босату туралы, Республика Президентінің немесе уәкілеттік беруімен Әкімшілік Басшысының келісім беруі туралы мәселені шешу үшін Президент Әкімшілігінің Басшысына береді.

Осы тармақта аталған ұсыныстарды Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінде қаралу сатысына соқпай, Әкімшілік Басшысы Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей баяндауы мүмкін.

Прокуратура, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, салық полициясы және кеден қызметі органдары бойынша

3. Бас прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарларын қызметке тиісінше Бас прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының Мемлекет басшысының Әкімшілігіне енгізген жазбаша ұсыныстары бойынша Республика Президенті тағайындайды.

Мемлекет басшысының шешімі бойынша Бас прокурордың немесе Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарлары қызметіне кандидатуралар, олар тағайындалғанға дейін, тиісінше Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі мен Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығында зерделенуі мүмкін, олар тиісті қорытынды дайындап, Әкімшілік Басшысына ұсынады.

4. Егер Мемлекет басшысы немесе оның Әкімшілігінің Басшысы өзгедей шешім қабылдаса, мынадай қызметтерге тағайындауға кандидатуралар

Мемлекеттік-құқық бөлімінде алдын ала зерделенуге тиіс:

Бас прокуратура департаменттерінің, дербес басқармаларының және бөлімдерінің бастықтары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының прокурорлары мен оларға теңестірілген басқа да прокурорлар; Бас прокуратураның қарауындағы ғылыми, ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу орындарының бірінші басшылары;

Ішкі істер министрінің орынбасарлары, Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, Ішкі істер министрлігі департаменттерінің бас басқармаларының, дербес басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары, облыстар, Астана және Алматы қалалары, көліктегі ішкі істер басқармаларының бастықтары; Ішкі істер министрлігінің қарауындағы ғылыми, ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу орындарының бірінші басшылары;

Әділет министрінің орынбасарлары, Әділет министрлігі комитеттерінің төрағалары, облыстар, Астана және Алматы қалалары әділет басқармаларының бастықтары, сот қаулыларын орындау жөніндегі облыстық (Астана және Алматы қалалары) департаменттердің бастықтары, Әділет министрлігінің қарауындағы облыстық (Астана және Алматы қалалары) ұйымдардың басшылары;

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің төрағасы, оның орынбасарлары, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Кеден басқармаларының бастықтары;

Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің төрағасы, оның орынбасарлары, Салық полициясы комитетінің облыстық (Астана және Алматы қалалары) басқармаларының бастықтары.

Ұсынылған кандидатураларды зерделеудің қорытындысын Мемлекеттік-құқық бөлімі Әкімшілік Басшысының қарауына ұсынылатын келісім берудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы тұжырым түрінде ресімдейді.

Егер кандидат орталық атқарушы органдағы қызметке ұсынылатын болса ұсынылған кандидатураларды зерделеу кезінде Үкіметтің пікірі ескеріледі. Бұл үшін Премьер-Министр Кеңесі Президент Әкімшілігіне тиісті жазбаша қорытынды табыс етеді.

5. Егер Мемлекет басшысы немесе оның Әкімшілігінің Басшысы өзгедей шешім қабылдаса, мынадай қызметтерге тағайындалуға кандидатуралар Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығында алдын ала зерделенуге тиіс:

Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменттерінің, дербес басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық (Астана және Алматы қалалары) департаменттерінің бастықтары; Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қарауындағы ғылыми, ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу орындарының бірінші басшылары;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас Штабының бастығы - Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары; бірінші орынбасары; Қорғаныс министрінің орынбасарлары; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскер тектерінің қолбасшылары; әскери бөлімдердің командирлері (дивизия және одан жоғары); Қорғаныс министрлігі бас басқармаларының, дербес басқармаларының және бөлімдерінің бастықтары; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери а к а д е м и я с ы н ы ң б а с т ы ғ ы .

Ұсынылған кандидатураларды зерделеудің қорытындысын Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы Әкімшілік Басшысының қарауына ұсынылатын келісім беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы тұжырым түрінде ресімдейді.

6. Аталған мемлекеттік органдардың жекелеген лауазымды адамдарын тағайындау немесе босату жөніндегі ұсыныстар Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері мен Премьер-Министрдің Кеңесіне соқпай Қазақстан Республикасы Президентінің жеке өзіне және оның Әкімшілігінің Басшысына баяндалуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдар бойынша

7. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері орынбасарларының, қалалар мен аудандар әкімдерінің, қалалардағы аудандар әкімдерінің қызметтеріне тағайындауларды оларға қатысты жоғары тұрған әкімдер Қазақстан Республикасының Президенті мен Премьер-Министрінің немесе олар уәкілдік берген лауазымды тұлғалардың келісімімен жүргізеді.

Ұсынылған кандидатураларды жоғарыда аталған қызметтерге тағайындау жөніндегі материалдарды тиісінше облыстың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Президент Әкімшілігіне енгізеді, онда Кадр жұмысы бөлімінде зерделеніп, Әкімшіліктің Ұйымдастыру-бақылау бөлімімен келісілгеннен кейін Премьер-Министр Кеңесіне жіберіледі. Ол мәселенің Үкіметте келісілуін ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Мәселе Үкіметте қаралғаннан кейін материалдар қайтадан Әкімшіліктің Кадр жұмысы бөліміне беріледі, ол Әкімшілік Басшысының келісімімен кандидатпен әңгіме өткізу және Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінде келісу үшін оны шақыруды ұйымдастырады. Содан кейін тиісті құжаттар Қазақстан Республикасының Президентіне баяндау үшін Әкімшілік Басшысына беріледі.

Жекелеген жағдайларда Әкімшілік Басшысы Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша әңгімелесуге шақырусыз да кандидатты тағайындауға келісім беруі мүмкін.

8. Облыстар әкімдерінің орынбасарларын, қалалар мен аудандар әкімдерін қызметтен босату осы мәселе Президент Әкімшілігінің Басшысымен және Үкіметпен келісілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Бұл үшін облыс (Астана және Алматы қалаларының) әкімдері Президент Әкімшілігі Басшысының атына ұсынылатын босатудың себептерін көрсетіп, жазбаша ұсыным жолдайды. Мәселе тиісінше зерделеніп, Мемлекет басшысына баяндалғаннан кейін Әкімшілік Басшысы осы босатуға келісім береді немесе ұсынымды қабылдамай тастайды.

Осы Ереженің өзге де мәселелері

9. Тиісті Жарлықтар мен өкімдердің жобаларын, сондай-ақ тағы да басқа қажетті құжаттар дайындауды, әдетте, Президент Әкімшілігінің Кадр жұмысы бөлімі жүзеге асырады, бірақ тиесілілігіне қарай Әкімшілік Басшысы Әкімшіліктің кез келген құрылымдық бөлімшесіне тапсыруы мүмкін.

10. Ұсынылған кандидатураларды тиісті қызметтерге тағайындау туралы ұсынымға Президент Әкімшілігі айқындайтын тізбе бойынша құжаттар қоса беріледі.

Ұсынымда қызметке тағайындауға ұсынылған кандидаттардың іскерлік және жеке басының қасиеттеріне қысқаша сипаттама беріледі. Лауазымды адам орнынан түскен немесе ол өз тілегі бойынша қызметтен босатылған жағдайда материалдарға мемлекеттік қызметшінің тиісті өтініші қоса беріледі.

11. Қажет болған жағдайда Президент Әкімшілігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелері қосымша материалдарды сұратып алдырады, не тағайындалатын немесе босатылатын мемлекеттік қызметшінің іскерлік және жеке басының қасиеттерін зерделеуді жергілікті жерге барып ұйымдастырады.